ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 01 қараша №7119-24-00-2/13761 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық ауруханa» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Исатаев» атынан Исатаев Дарын Мураткалиулы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық ауруханa» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Исатаев» атынан Исатаев Дарын Мураткалиулын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Исатаев» атынан Исатаев Дарын Мураткалиулы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Исатаев» атынан Исатаев Дарын Мураткалиулынан Астана қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық ауруханa» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 309 (үш жүз тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 9 (тоғыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 01.11.2024
Дата вступления в законную силу: 09.12.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 10.12.2024
7119-24-3-1/13127

Жеке кәсіпкер «Исатаев» атынан Исатаев Дарын Мураткалиулынан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 01.11.2024

Дата вступления в законную силу: 09.12.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 10.12.2024

7119-24-3-1/13127